



№1 «Қарлығаш» кіші қазақ тобының ұйымдастырылған ата-аналармен жұмыс жоспары

Тәрбиешілері:Серғазықызы Ақбалдақ
Оразғалиева Нұржауған



Бекітілді:
№17 «Шұғыла» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі
Жетилгенова Д. Н.

**2024-2025 оқу жылына арналған
№1»Қарлығаш» кіші қазақ тобының ұйымдастырылған
ата-аналармен жұмыс жоспары**

№	Мазмұны	Жұмыс барысы	Мерзімі
1	«Отбасы –бақыт мекені»	Ата-аналар жиналысы	Қаңтар
	« Тұмау ауруларының алдын алу шаралары »	Баяндама	
	«Кіші топ жасындағы балаларды балабақшаға бейімдеу жолдары»	Кеңес беру	
2	«Қамқор» жобасы аясында ата-ана мен баланың қоғамға қызметі мақсатында «Мейірімді болайық!» волонтерлік қызметі	Волонтерлік іс-шара	Ақпан
	Шабыт жобасы аясында «балалық шағымның жыр әні»	аналар байқауы Әлеуметтік желіге салу	
3	«Ана-өмір шуағы»	Ертеңгілік	Наурыз
	«Ұйқың тыныш болсын,балақай!»	Кеңес беру	
	«Наурызым,қош келдің!»	Ертеңгілік	
4	«Ертегілер елінде»	Сахналық қойылым	Сәуір
	«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз !» акциясы	Сенбілікке шақыру	
	«Сіз қандай ата-анасыз?»	Сауалнама	
5	«Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес»	Кеңес беру	Мамыр
	«Өнегелі өткен жыл»	Ата-аналар жиналысы	



«Отбасы-бақыт мекені» ата-аналар жиналысы

Тәрбиешілер: Серғазықызы А
Оразғалиева Н.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Отбасы бақыт мекені»

Мақсаты: Ата – аналар арасында жағымды қарым – қатынас орнату, сыйластықты арттыру, отбасында балаға жақсы тәрбие беруіне ықпал жасау. Бір-бірімізбен жақын танысу, ата-аналар комитетін сайлау. Балалардың балабақшаға бейімделуі жөнінде әңгімелесу, балабақша талаптарымен таныстыру.

Тренинг ережесі: Сенімділік, Сыйластық, Жақын араласу

Жиналыс барысы:

Ата – аналар шеңбер жасай тұрады.

1. Сәлемдесу Бір күнгі танысыңа қырық күн сәлем дегендей біз бүгін дәстүрден тыс амандасу түрлерін жасаймыз. Алақанымыздың ішін және сыртын тигізіп бір – бірімізге күлімсірей қарайық

Бір – бірімізге маңдайларымызды тигізіп сәлемдесеміз.

Оң және сол жақ иықтарыңызды тигізіп сәлемдесу.

Одан әрі қарай «Мен білемін, сіз білмейсіз» өздеріңіз жайлы мәлімет айтасыздар. (Сіздер білесіздер мен Айарудың мамасымен, ал білмейсіздер менің неонотолог екенімді)

Сәлемдесу кезінде қандай әсерде болдыңыздар? Құрметті ата-аналар сіздермен бірге отбасы бақыты тақырыбында сөз қозғаймыз. «Отбасы бақыт мекені» жиналысымызға қош келдіңіздер дей отырып, жиналысымызды «Отбасы татулығы» аңызымен бастағым келіп отыр.

Отбасы татулығы (аңыз әңгіме)

Баяғыда бір үлкен отбасы өмір сүріпті. Отбасындағы адамдар саны өте көп екен, бір қауым ел болып, бірге тұрыпты. Ол отбасы ерекше екен, әрқайсысы өзара келісімде, татулықта өмір сүруі елді таң қалдырады. Оларда ұрыс-керіс, дау-жанжал деген атымен болмайды екен.

Бұл отбасы жайлы патшаның құлағына да жетеді. Патша естігеннің ақ-қарасын білгісі келіп ауылға келеді. Ауылда тап-таза, барлығы да жеткілікті, тыныштық пен береке қонған. Патшаның көңілі толып, ерекше бір шаттыққа бөленеді. Сыйластығы жарасқан бақытты отбасында қариялардың орны төрде, уайым-қайғысыз, балалары бақытты, мәз-майрам екен. Бұған патша таң-тамаша болады. Отбасының қалайша бақытты, тату-тәтті өмір сүруінің мәнісін білгісі келеді. Ауыл ақсақалына келіп отбасындағы татулық пен бірлікке қалай жеткендерін айтуын өтінеді.

Сіздер қалай ойлайсыздар? Ауыл ақсақалы пашаға қандай жауап берді? Отбасындағы татулық пен бірліктің болуы үшін қандай қасиеттер қажет деп ойлайсыңдар? Қарт үнсіз ғана жүз рет «сүйіспеншілік», «жүз рет» «кешірім», жүз рет «бірлік» деп қағазға мұқият жазып шығады.

Үш сөзді оқыған патша таңқалып:

-Осы-ақпа?

— Иә, - деді ақсақал - Барлық жақсы отбасылары тек осы қасиеттерден құралады - деді де сәл ойланып «және шыдамдылық» деген сөзді қосып қойды. Барлық отбасыға айтарым босағасы берік, шаңырағы биік болуы, тату-тәтті өмір сүруі, бақытқа, қуанышқа бөлінуі отбасы мүшелерінің бір-біріне жағымды қарым-қатынасына байланысты екен.

Құрметті ата-аналар сіздердің де отбасыларыңызға татулық пен бірліктің болуы үшін жүз рет «сүйіспеншілік», «жүз рет» «кешірім», жүз рет «бірлік» және шыдамдылық тілеймін.

«Ән айтайық». Барлығына таныс әуен алынады. «Анашым әні» айтылады.

Ия құрметті ата-аналар біз сіздермен бірінші «Бақыт» деген сөзге жауап іздеп көрейік.

Бақыт деген не өзі? Бейнебаян (ата-аналардың жауабы тыңдалады)

Б.Момышұлының пайымдауында бақыт дегеніміз.....

Бақыт әркімнің өзіне , өмір сүрген ортасына жағдайға байланысты. «Бақыттымын» деп панданып, аяғын еріне басып жүрген көп кісілердің бақытсыз екенін өздері сезбеген.Тарихта дәулетке, атаққа панданып мәз болып, өмірін ақымақтықпен өткізгендер аз емес...

Бақыт дегеніміз — өмірді өз орнында, өз қалпында шамасы келгенше үлгілі өмір сүру. Адал болу, майдалықтан, іштарлықтан, қашық болу. Мұршасы әлі жеткенше өз заманын түсіне білу , өз қоғамымен бірге алған мақсатқа қопарыла шын көңілмен адал қызмет істей білу. Ар намысты қорғау —бақыттың шыңы, қиыншылықтармен санаспастан, азаматтық міндетті орындап шығу-ол да бақыттың шыңы. Жеңсең бақыт.

«Кім жылдам» ата-аналармен көңілді ойын.

Құрметті ата-аналар ендігі кезекте бір-бірімізбен танысып қаллдық деген ойдамыз, өздеріңіздің араларыңыздан ата-ана комитеті мен , комитет мүшелерін сайласақ, кздеріңіздің пікірлеріңізбен бөліссеңіздер.

Қорытынды бөлім:

7 –бөлім «10+5+1» әдісі.

Алдарыңыздағы ақ қағаздарға сіз үшін өміріңізге қажетті құндылықтарды жазыңыздар.

Саны — 10. Мысалы, ақша, денсаулық, білім...

Енді бесеуін сызып тастаңыздар, тағы төреуін сызыңыздар. Қолдарыңызда біреуі қалды, соны оқысаңыздар. Ол көбіңізде «Бала» сөзі болар. Олай болуы заңдылық. Өйткені «Бала — ата-ананың бауыр еті», ұрпағын жалғастырап жалғасы. Әр ата-ана баласы үшін өмір сүреді.

Халқымыздың аяулы ұлы зиялы азаматы Б.Момышұлы былай деген екен: «жаудан да,даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді,қорқынышым көбейіп жүр.Балаларын бесікке бөлемеген,бесігі жоқ елден қорқам. Дәмді,дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді,оның қолына қылыш берсең, кімді де болса шауып тастауға даяр.Қолына кітап алмайды.Үйреніп жатқан бала жоқ ,үйретіп жатқан әке , шеше жоқ»

Бауыржан атамыз бүгін де арамызда жоқ , ол кісі көтерген мәселе бәрімізді де алаңдатуы тиіс . Бұл ата – анаға да , ұстазға да ой салады деп ойлаймын .

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, баланы бірлесе отырып тәрбиелейік дей келе бүгінгі тренингімізді аяқтаймық.

«Ертең өсіп келеді, ертеңмен бірге адам өсіп келеді. Бізде қазір жаңа қоғам ғана жасалып жатқан жоқ, жаңа адам жасалып келеді», деген екен академик З.Қабдолов.Олай болса ертеңіміз нұрлы да жарқын болуы үшін балабақша , ата-ана болып бірлесе жұмыс жасайық. Бүгінгі кездесуге келіп қатысқандарыңыз үшін көп рахмет.

«Отбасы-бақыт мекені » ата-аналармен өткізілген жиналыс

Хаттамасы № 1

Өткізілген күні: 29.01.2025ж

Қатысты:14

Күнтәртібінде:

- 1.Балабақша талаптарымен таныстыру.
2. Жылдық жұмысты талқылау, бекіту.
- 3.Ата-аналар комитеті мүшелерін тағайындау
4. Балалардың балабақшаға бейімделуі жөнінде әңгімелесу

Талқыланды:

Балабақшамыздың меңгерушісі Д.Н Жетилгенова сөз алып, уақытын бөліп жиналысқа келген ата-аналарға алғысын білдіріп, балабақшамен ата-ананы сабақтастыра отырып, алда бірнеше жұмыстар ұйымдастырылып отырғанын айтты. Әр іс шараға белсене қатысуларын өтінді.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша кіші топ болғандықтан өзінде балаларды жете қадағалап отырғанын, топ тәрбиешілеріне, жаңа ортаға топқа балалардың бейімделуі жөнінде сөз қозғады. Балалардың алғаш рет балабақшаға келулерімен құттықтап, жылы лебізін білдіріп, бүгінгі отырыстың негізі мақсат-міндеттерімен, топ тәрбиешілерімен, балабақшаның ішкі талаптарымен, балаларды қабылдау уақытмен, ас мәзірімен, келімшартпен таныстырды .

Жиналыс барысында :

- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
 - өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.
 - Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау -,екендігі туралы талқыланды.
- Ата-аналар комитеті мүшелігін балалар бақшасының міндеттерінің бірі болып табылады.Сол себепті ата –аналар комитетінің төрағасы сайланды:

Төраға:

Көмекші:

Хатшы :

Серғазықызы А.



№ 17 «Шұғыла» МКҚК бөбекжай-балабақшасы



« Тұмау ауруларының алдын алу шаралары » баяндама

**Тәрбиешілер: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.**

2024-2025 оқу жылы

АТА-АНАЛАРҒА КЕҢЕС БЕРУ. Тұмаудың алдын алу

Тұмау — жедел маусымдық вирустық ауру. Вирустар 3 түрге бөлінеді: А, В және С, әрқайсысының өз штамдары бар, бұл вирустың антигендік құрылымын жыл сайын өзгертуге мүмкіндік береді. Ауру оның күтпегендігімен қауіпті.

Маусымдық індеттер жыл сайын күзгі-қысқы кезеңде пайда болады. Инфекцияның негізгі көзі науқас адам болып табылады, инфекцияның таралу жолы ауа-тамшылы. Адамдардың тұмау вирустарына бейімділігі абсолютті. Эпидемиялық өршу кезіндегі сырқаттанушылықтың ең жоғары көрсеткіштері балалар арасында.

Тұмаудың алғашқы белгілері

Тұмау клиникалық белгілердің өте жылдам дамуымен сипатталады. Дене температурасы максималды мәндерге жетеді (39°C – 40°C) қазірдің өзінде алғашқы 12-24 сағатта. Бас ауруы пайда болады, ол негізінен фронтотемпоральды аймақта локализацияланған, көз алмасының қозғалысы кезінде ауырсыну, фотофобия, бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну, жиі жүрек айнуы немесе құсу пайда болады, қан қысымы төмендеуі мүмкін. Тұмаудың типтік түрі - төс сүйегі, отит, пневмония аймағында ауырсынатын жөтелмен бірге жүретін трахеиттің дамуы.

Тұмау кезіндегі жүйке жүйесінің зақымдануы вирустың уытты әсерімен байланысты, бұл серозды менингит пен менингоэнцефалитке дейін функционалдық бұзылыстарды тудырады. Жүйке жүйесінің зақымдануы аурудың 3-5-ші күндерінде жиі дамиды: қатты бас ауруы, құсу, құрысулар, сананың өзгеруі пайда болады.

Тұмауға қарсы вакцинация

Бұл тұмаумен күресудің ең тиімді шарасы. Вакцинация ауру мен асқыну қаупін азайтады, Заманауи вакциналар инактивацияланады, суббірліктерде "тірі" вирус жоқ және ең қауіпсіз және ең тиімдісі болып табылады.

Тұмауға қарсы вакциналар қауіпсіз және тұмаудың алдын алу және асқынулардың дамуы тұрғысынан жоғары тиімділікке ие. Вакцинация тұмаумен сырқаттанушылықты орта есеппен 2 есе азайтады, вакцинацияланған адамдарда ауырған жағдайда ол жеңілірек өтеді және асқынулардың дамуына әкелмейді. Вакцинация алдында әрбір егілген адамды медициналық қызметкер тексереді.

Денсаулық сақтау саласындағы басым ұлттық жоба аясында балаларды иммундау үшін қалаға "Гриппол плюс" және "Гриппол" вакциналары алынды. Балаларды иммундау мектептерде, балабақшаларда және емханаларда жүргізіледі, вакцинациялау компаниясы жүргізген уақыт ішінде вакцинаны енгізуге бірде-бір ерекше реакция тіркелмеген.

Тұмауға қарсы екпе алудың ең жақсы уақыты қашан?

Қыркүйектен желтоқсанға дейін. Эпидемия кезіндегі вакцинация да қауіпсіз және тиімді, дегенмен иммунитеттің дамуы кезеңінде (вакцинациядан кейін 7-15 күн өткен соң) профилактиканы басқа әдістермен жүргізу қажет. Ең

алдымен, әлсіреген балаларды вакцинациялау керек, өйткені олар өздерінде, әдетте, ауыр түрдегі инфекцияларға ең сезімтал.

Балабақшада ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу

1-5 жас аралығындағы балалар әсіресе жиі ауырады, бұл аналық иммунитеттің жоғалуымен және өзінің толық қалыптаспауымен түсіндіріледі³. Егер сіздің балаңыз балабақшаға баратын болса, онда ЖРВИ эпизодтары оның келуінің бірінші жылында орта есеппен 8 рет, екіншісінде 6 ретке дейін және үшіншісінде 4 ретке дейін болуы мүмкін екенін біліңіз³. 3 жасқа дейінгі балаларда суық тию, әсіресе тұмауды болжау мүмкін емес³. Мұндай жағдайларда өзін-өзі емдеуге жол берілмейді, мамандардың көмегіне жүгіну қажет².

Жіті респираторлық вирустық аурулардың ықтимал жағдайларының санын азайту үшін:

- түсіндіріңіз балаларға қол жуудың маңыздылығы¹ неліктен мұрынға, ауызға және көзге жиі қол тигізбеу керектігін айтыңыз²;
- бағалаңыз, балабақшада қалай сақталады ұйқы және сергектік режимі, балаларды немен тамақтандырады және тәрбиешілер таза ауада серуендеуді қаншалықты жиі ұйымдастырады⁴.

Бір уақытта бірнеше бала жұқтырған топта вирустық инфекцияның ошағы қалыптасып үлгергенін есте сақтаңыз. Балаңыз балабақшаға қайта бармас бұрын, дымқыл тазалау және желдету арқылы дезинфекциялау шаралары жүргізілгеніне көз жеткізіңіз. Барлығы дерлік зарарсыздандырылады: ыдыс-аяқ, сүлгілер, балалар ойыншықтары, беттер, заттар, санитарлық жабдықтар және ауа⁴.

Тұмау мен ЖРВИ өршуі кезінде күнделікті таңертеңгі тексеруде аурудың ең аз белгілері болса да балаларды топқа қабылдауға болмайтынын есте сақтаңыз³.

Суықтың алдын алудағы маңызды қадам оның ең көп тараған себебі вируспен күресу болып табылады.

Балалар орта есеппен ересектерге қарағанда тұмау мен ЖРВИ-мен жиі ауырады, бірақ бұл суық тиюдің алдын алу мүмкін емес дегенді білдірмейді². Осы мақсатта пайдалануға болады Анаферон® балалар⁹. Препарат вирустарға қарсы әсер етеді, олардың зақымдалған тіндердегі концентрациясын төмендетеді және иммундық жасушалардың функционалдық белсенділігін арттыру және антиденелердің (секреторлық иммуноглобулин А) түзілуіне ықпал ету арқылы иммунитетті ынталандырады.⁹. Анаферон® балаларға арналған резорбцияға арналған таблетка түрінде 1 айдан 18 жасқа дейінгі балаларда қолдануға болады⁹. Суық мезгілде препаратты профилактикалық агент ретінде 3 айға дейін қолдануға болады⁹.

Естеріңізге сала кетейік, екпеден бас тарту арқылы сіз балаңыздың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіресіз. Сау болыңыздар!



*«Кіші топ жасындағы балаларды балабақшаға бейімдеу жолдары»
ата-аналарға кеңес беру*

Тәрбиешілер: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А .

2024-2025 оқу жылы

БАЛАНЫҢ БАЛАБАҚШАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуі – әр балада әр түрлі қабылданады, жаңа ортаға бейімделу процессі-бұл жаңа ортаға бейімделу ғана емес күні бойы жаңа режимді, жаңа орта, жаңа қарым-қатынас сонымен қатар жаңа дағдаларын дамытуға балалар түрлі жолмен өтеді. Осы кезеңде кейбір балалар ауыр, ал кейбіреулері жеңіл қабылдайды. Бейімделудің ауыр жолымен өткен кейбір балалардың бейімделуі 3-4 айға созылады. Жеңіл бейімделу кезеңі 1-2 күн болды. Ұзаққа созылған бейімделу кезеңі көптеген факторларға байланысты болады баланың денсаулығына, жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне, үйдегі ата-ана ықпалына т/б себептерге байланысты. Бұл кезде балаға тәрбиеші тарапынанда жеке қолдау керек балаға жақсы көңіл күй сыйлап ортаға қосу.

Ерте жастағы баланың балабақшаға бейімделуін, тамақтануы, ұйықтауы, өзгелермен қарым-қатынасы, сөйлеу әрекеті, ойын ойнаудағы белсенділіктері бойынша балаға жеке карта ашып бейімделу уақытын белгілеп баланың бейімделуі жайында ата-анамен бірігіп бірдей жұмыс жасалды. Баланың балабақшаға бейімделуі әрине бірінші отбасында және балабақшаға келгенде. Балабақшада таныс емес адамдармен, балалармен танысады, мінез құлық ережелері мен нормаларын меңгереді.

Жаңа жағдайда бала қалай үйренеді? Өкінішке орай балабақшаға бейімделу көбінесе қиын және ауыр өтеді. Бала тамақ ішпейді, ұйықтамайды, балалармен және үлкендермен араласудан бас тартады да, қоршаған ортаға деген қызығушылығы төмендейді, ойыншықтарды ойынға қатыстырмайды.

Баланың балабақшаға қиын бейімделу себептері:

- Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен.
- Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен.

Кей тағамдарды жеу дағдысы жоқ, мысалы қызылша, орамжапырақ, қатты тамақты шайнап үйренбегшен (картоп, нан) Балабақшаға бала қалғандам алғаш екі сағатқа ғана қалу керек. Көбінесе ата-аналар жұмыс тәртібін айтып, баланы күні бойы балабақшада қалдырады. Осының нәтижесінде күрделі және созылмалы мәселелер пайда болады. Балаңызбен үйде сөйлесесіз бе, оны мақтайсыз ба, оны жақсы көретініңіз туралы айттыңыз ба? Қобалжуы қиын ата аналардың балалары да балабақшаға қиын бейімделеді, өйткені атаанасының қобалжуын көріп, баланың қорқынышы ұлғая түседі. Осы кезде ата аналар балаға көмек берулері керек.

Ертеңгілік қоштасуларды жеңілдету тәсілдері:

Баламен тез қоштасып үйреніңіз, қоштасуды созбаңыз. Бала сіздің қобалжығаныңызды көріп, тыныштануы ұзаққа созылады. Балаңыз сізге сенсін десеңіз, балабақшаға әкеліп, көрінбей қашып кетпеңіз Балаңызға ұнайтын қоштасу рәсімін табыңыз және соны қатал ұстаңыз. Балаңыз балабақшаға барғаны үшін алдарқатып ойыншық сатып алмаңыз. Балаға анық түсінік беру керек. Бір рет болсын баланың дегенін істесеңіз әрі қарай көндіру қиын болады. 1,5-2 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі. Үйде балабақша күн тәртібін қатаң сақтаңыз. Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз. Үйдегі жағдайда баланың өз өзіне қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз; жуыну, сүрту, шешіну, өз бетінше тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде ыңғайлы болуы шарт. Баланың «Социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез бейімделіп тіл табысатын болады.

Ата-ана тәрбиешінің және медбикенің үйге берілген тапсырмалар мазмұнымен, күн тәртібімен, тамақтану мәзірімен, ойын алаңымен, т.б. танысу;

1. Тәрбиешілерге бала туралы толық мәлімет беріп, оның ерекшеліктерін айту, оларға сенім білдіріп, бірлесе әрекет ету, ата-аналар жиналысына қатысып отыру;
2. Баламен әңгімелесу және ойнау (балабақшаны мақтау, яғни онда қызықты танымдық сабақтар болатынын, би билеп, ән салумен қатар суреттер салатынын айту, басқа балалар арасында ойнаумен, тәтті ботқалар жеумен қызықтыру, арнайы киімдер, кеңсе заттарын әперу арқылы қызығушылығын арттыру, балабақша жағдайын үйде ойнау, әсіресе балаға тәрбиешінің рөлін беру, т.б.);
3. Балабақшаға түсудің алғашқы күндері баланы серуендеуге қатыстырып, екі-үш сағаттан қалдырып, ойнау әрекетіне тарту, үйренуін қадағалап отыру, күнде топта болған жағдайларды сұрастырып, айтылған жайттарды үйде қайталап, өрісін кеңейту, жағымды сәттерге баса назар аудару, таңертеңгі уақытта баланы балабақшаға әкелгенде қолға ұстамау, жетектеу, топқа жіберер алдында көп әңгімелеспеу;
4. Бала үйде болғанда махаббат пен қамқорлыққа бөлеу (жылы сөйлеу, зейінді тыңдау, тактильді және көздік контакт жасау) және қауіпсіздікті қамтамасыз ету (міндетті түрде балабақшадан алып кететінін айту, белгіленген уақытта келіп отыру, балабақшаны жағымсыз бейнеде танытпау);
5. Демалыс күндері күн тәртібін сақтау, баланың тұру уақытын 30-40 минутқа ғана кешеуілдету, үйде дербестікті қолдау, өз бетінше әрекет етуге ынталандыру.
6. Баланы балабақшаға әкелгенде шешіндіріп, тәрбиешісіне тапсырып топтан тез арада шығып кету, тәрбиешімен сөйлесетін маңызды әңгіменізді топтан шығып сөйлесу. Балңызбен ұзақ қоштасу, бейімделуінің қиын болуы ұзаққа созылады.

Балаға өтірік уәде берудің қажеті жоқ. (Алтыным, мен сені түскі ас ішкесін алып кетемін, ұйықтамайсың –деп , айтудың қажеті жоқ. Балаңыз сізді тосып ұйықтамайды. Сізді тосып, алаңдап балалармен де ойнамай, терезеге немесе есікке қараумен күнін өткізеді).Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса балабақшаға келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз



*«Қамқор» жобасы аясында «Құстарға мейірімді болайық !
волонтерлік қызметі*

Тәрбиешілер: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А

2024-2025 оқу жылы

Қамқор жобасы аясында «Құстарға мейірімді болайық!» әкелермен өткізілген
волонтерлік қызметінің

Хаттамасы № 2

Өткізілген күні: 17.02.2025ж

Қатысты: 8 ата-ана

Күн тәртібінде : «Қамқор» жобасы аясында әке мен баланың қоғамға қызмет мақсатында
«Құстарға мейірімді болайық !» волонтерлік қызметі барысында құстарға ұя жасау

Талқыланды:

17.02.2025 ж балабақшамызда «Қамқор» жобасы аясында «Құстарға мейірімді болайық !» волонтерлік қызметі барысында құстарға ұя жасалыну мәселесі топ ата-аналарының барлығына айтылды.

Мақсаты: Тәрбиеленушілерді табиғатты сүйуге , құстарға қамқорлық жасау туралы түсініктерін кеңейтуге, мейірімділікке , қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Жоба аясында ең әуелі ұйымдастырылған іс әрекет барысында балалар, қыс айларында біздің өлкеде қыстайтын құстардың суреттерімен танысып, суреттерін бояп, ойындар ойнады. Құстарды қыста қалай азықтандырып, жем беру туралы мәліметтермен танысып, білімдерін бекітіп алды . Әрі қарай серуен барысында уақыт бөліп келген ата-аналармен бірге үйден ата-аналарымен бірге жасаған жемшашарлары мен ұяларын әкеліп ағашқа орналастырды. Тәрбиеленушілер «Құстарға мейірімді болайық !» жобасы аясында құстарға қамқорлықтарын көрсетіп, өз үлестерін қосты. Серуен барысында құстар туралы «Ұшты- ұшты» ұлттық ойыны ойнатылып, тақпақтар айтылып, ертегілер оқылып , билеп серуен барысы көңілді аяқталды .

Хатшы :

Серғазықызы А.





Шабыт жобасы аясында «балалық шағымның жыр әні» аналар сайысы

Тәрбиешілер: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: «Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған»

Мақсаты: Ата-аналардың балабақшамен өзара тығыз қарым-қатынасын жақсарту. Балабақшадағы балалар өмірімен таныса отыра, тәрбиешілермен және өзге аналармен тығыз қарым-қатынасқа баулу. Ұлттық құндылықтарды дәріптей отыра, ескінің көзіне айналған жүн түту, құрақ көрпе тігу, тоқыма тоқып, ұлттық тағамдарды бойға сіңіру. Өнерлерін көрсетіп сайысқа түсу.

Қатысушылар: №1 «Қарлығаш» тобының аяулы аналары

Көрнекіліктер: түрлі түсті доптар, асықтар, ұршық, жүн, құрақ көрпелер, тоқыма жіп, инесі, ұлттық тағамдар,

Жүргізуші: Құрметті аналар, аяулы да ардақты асыл жандар!

Бүгінгі бас қосуға қош келдіңіздер! Бәріміздің өміріміздің мәні, жүрегіміздің жылуы – сіздерсіздер, құрметті аналар! Ана – әрбір шаңырақтың шуағы, отбасының жүрегі, мейірім мен махаббаттың қайнар көзі.

Бүгінгі бас қосуымыздың мақсаты – сіздермен отбасы тәрбиесі, балаға деген сүйіспеншілік, олардың болашағы туралы ой бөлісу, пікір алмасу. Баланың жетістігі мен тәрбиелі болуы – ең алдымен ананың жүрегінен бастау алады. Сіздердің мейірімдеріңіз, қамқорлықтарыңыз – өскелең ұрпақ үшін баға жетпес байлық.

Осы бас қосу барысында балаларымыздың жан-жақты дамуы үшін бірлесе жұмыс жасау жолдарын қарастырамыз. Сіздердің жылы сөздеріңіз, құнды пікірлеріңіз біз үшін өте маңызды.

Қош келдіңіздер! Барлықтарыңызға сәттілік

1. «Амандасу рәсімі»

«Жүректен жүрекке» шеңбері. Мен сіз сияқты анаға тілейтінім.....

Барысы: Жүректі беру арқылы аналар бір-біріне жүректен шыққан жылы сөздерін айтады.

Жүргізуші:

Қош келдіңіз, ару аналар!

Мейірім төккен дара аналар.

Сіздермен бұл кешіміз

Татулықпен әлемге таралар.

Жүргізуші:

2. Құрметті аналар, келесі жұмыс түрі «Шаш өру- қазақ қызына тән»

Қазақ халқы ежелден қыз баланың көркі мен сұлулығына, тәрбиесі мен мәдениетіне ерекше мән берген. Қыз баланың әдемілігі мен инабаттылығы оның сыртқы келбетінде ғана емес, ішкі мәдениетінде, жүріс тұрысында және әдептілігінде көрініс табады. Сол әдеміліктің бір көрінісі-бұрым. Бұрым-тек сәндік элемент емес, ол-қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәрбие дәстүрінің көрінісі. Шаш өру дәстүрі-қазақ қыздарына тән нәзіктік пен тәрбиенің айнасы.

«Шаш өрудің түрлері мен маңызы»

1. Бір бұрым-көбінесе жас қыздарға өрілетін шаш. Бұл тазалық пен қарапайымдылықтың белгісі саналған.

2. Екі бұрым-бойжеткен қыздарға тән өрім. Қазақта «Қос бұрымды қыз» деген сөз қыздың сұлулығы мен инабаттылығын сипаттау үшін қолданылған.

3.Көп бұрым-ұзын әрі қалың шаш иелеріне арналған ерекше өрім.Бұндай шаш көбінесе мерекелерде немесе тойларда сән үшін өрілген.

Шашқа тағылатын түрлі әшекейлер де тәрбиелік маңызға ие болған. Мәселен шашбау-қыздың көркіне көрік қосып қана қоймай,жүріс-тұрысына да түзеуге көмектескен.

3.Сергіту сәті «Жіпті өріп көрейік»

Мақсаты:Аналарды ауызбіршілікке,ұйымшылдыққа баулу.

4.Ойын: «Оюлы кілемше құрастыр»

«Тапқыр ана-даналықтың дарасы»

Жүргізуші: Құрметті аналар, келесі сайысымыз – “ **Тапқыр ана-даналықтың дарасы** ” деп аталады. Бұл сайыста сіздердің даналықтарыңыз бен сөзге деген тапқырлықтарыңыз сыналады.

Құрметті аналар, біз бүгін сіздердің ақыл-парасаттарыңызды, тапқырлықтарыңызды бағалайтын ерекше бөлімге өттік. Бұл бөлімде әрқайсыңызға ситуациялық сұрақтар қойылады, онда сіздер өз тәжірибелеріңізбен бөлісіп, әр түрлі жағдайларға қалай шешім қабылдайтыныңызды көрсетесіздер.

Бұл сұрақтар тек сіздердің өмірлік тәжірибеңізге ғана емес, сонымен қатар болашақ ұрпаққа дұрыс бағыт беру үшін маңызды дағдыны көрсетуге мүмкіндік береді.

Әр сұраққа жауап бергенде, ойыңызды ашық айтып, өзіңізге тән шешім қабылдауға болады. Біздің мақсатымыз – әр ана өз тәжірибесін бөлісіп, басқа аналарға да жаңа бір нәрсе үйретсе, ортақ ой-пікірмен бөліссе деген ниет.

Мақсаты:

Бұл сұрақтар ата-аналардың балабақшадағы түрлі жағдайларға деген көзқарасын, тәрбиелік ұстанымдарын анықтауға және дұрыс бағытта жұмыс істеуге көмектеседі.

«Балалық шағымның жыр әні » бесік жырын шырқау сайысы

Қорытынды:Құрметті аналар, бүгінгі бас қосуымыздың қорытындысына келдік! Барлық қатысушылар өз білімдерін, шеберліктерін, тапқырлықтарын көрсетіп, тамаша жауаптар мен өнерлерін ортаға салды. Бұл сайысымыз тек ойын ғана емес, өзара тәжірибе алмасу, бір-бірімізді қолдау, жаңа нәрселерді үйрену мүмкіндігі болды

Барлығымыз үшін маңыздысы – бір-бірімізден үйреніп, болашақта осындай сайыстарда бірге қуанып, қолдау көрсету.

Жүргізуші:

Ардақты аяулы жандар, бүгінгі басқосуымыз аяқталуға жақын. Сіздермен бірге өткізген әрбір минут – ерекше сәт, әрбір пікір мен ой – біздің ортақ байлығымыз. Балаларымыздың болашағы мен тәрбиесі туралы ой бөлісіп, тәжірибе алмасып, бір-бірімізді қолдап, жаңа идеялармен таныстық.

Бүгінгі басқосуымыздың мақсаты – сіздердің тәжірибелеріңізді бағалап, келешек ұрпақтың тәрбиесіне бірге атсалысуымызға серпін беру болды. Әрқайсымыздың жүрегімізде балаға деген мейірім мен сүйіспеншілік бар екендігі айқын көрінді.

Барлық аналарымызға осы қоғам мен балабақша тәрбиесінде жасаған зор еңбектеріңіз үшін алғыс айтамыз. Біз бірлесе отырып, балаларымыз үшін ең жақсысын жасауға әрдайым дайын боламыз.

Алдағы уақытта да осындай басқосуларда кездесіп, бірге талқылап, балаларымыздың болашағы үшін еңбек етуімізді жалғастырайық. Бүгінгі басқосуымызға қатысып, ой

бөліскендеріңіз үшін тағы да үлкен алғыс білдіреміз! Сіздерге мықты денсаулық, мол бақыт және шексіз қуаныш тілеймін!

Ана – біздің жарық күніміз,

Әр қадамда, әр сөзде нұрымыз.

Шуағыңмен, мейіріңмен өмірге,

Қуаныш сыйлап, өсіреміз біз.

Келесі кездескенше, аман-сау болыңыздар!





«Ана – өмір шуазы» ертеңгілік

Тәрбиешілер: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

«Ана -өмір шуағы»

Ертеңгілік өтетін зал мерекеге сай әдемі безендірілген.

Жүргізуші: Қымбатты аналар, әжелер ,құрметті қонақтар 8 –наурыз халықаралық әйелдер күніне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Ардақты ана аяулы ана,қымбаттым.

Тәтті ұйқыңды бөліп талай үн қаттың.

Өміріме нәрін берді ақ сүтін.

Кең аясындай гүл бақтың.

(Көңілді музыка ырғағымен ән-күй залына балалар би билеп кіреді.Ұлдар қолдарындағы гүл шоқтарын қыздарға ұсынады).

Құттықтау сөз балабақша меңгерушісі Д.Н. Жетилгеноваға беріледі.

Дияс :

Сеннен өскен балалар.

Батарлармен даналар!

Құттықтаймыз мейрамыңмен,

Құрметті аналар!

Айару :

Мерекені қарсы алып,

Мәз болады барша жұрт,

Гүл ұсынып анаға ,

Бердім өзім ән салып.

Айбибі:

Өлпештеген,аялаған,

Ақ сүт берген апатайым.

Сәлем жазып бүгін саған,

Мейрамыңмен құттықтаймын.

Көркем:

Мейірімді, сымбатты,

Қадірменді қымбатты,

Ең жақын жан балаға,

Кім десеңдер ол-Ана.

Балалар: Мерекелеріңізбен сүйікті анашым!

Ән: «Апатайым анашым».

Жүргізуші: Аналардың анасы,әжелерге арналған балалардың сыйын қабыл алыңыздар.

Айша:

Әжем менің әліде,

Ұқсамайды кәріге,

Шай қайнатып береді.

Біздің үйдің бәріне.

Медина:

Аналарды сүйеміз,

Сөзін ойға түйеміз,

Әженіде ардақтап,

Әдеппен бас иеміз.

«Қуыршақтар » әні

(Осы сәтте есік қағып, көңілід әуенмен Маша жүгіріп келеді).

Маша: Достарға сәлем! Мен таныдыңдар ма? Мен Машамын ғой!Ең ақылды,ең көңілід ,ең тәрбиелі қызбын.Мен сендердің әжелеріңді ,аналарыңды және қыздарды мерекемен құттықтау үшін әдейі ертегілер елінен келдім.

Жүргізуші: Маша бізге сыйлыққа не әкелдің?

Маша: (ренжіп) мен гүл шоқтарын дайындап едім.Бірақ оларды жүріп келе жатып шашып алдым.

Жүргізуші: Балалар біз Машаға гүлді жинап көмектесейік.

Ойын «Гүл шоғын жинау»

(Балалардың көмегіне риза болған Маша билей жөнелді).

Жүргізуші: Маша сен қандай тәттіні жақсы көресің.

Маша: Үлкен торт,варение.

Жүргізуші: Жоқты айтпа!Бізде варение жоқ.Ал тәттіні мерекеден соң аласың.Сен тәттіні көп жегеннен тістің ауыратынын білмейді екенсің ғой.

Біздің балалар оны жақсы біледі.Жалпы денсаулық жақсы болу үшін дене шынықтыру мен шұғылданған жөн.Қазіргі біздің балалар өздерінің қандай күшті екендерін саған көрсетеді.

Ойын: «Доппен секіру »

(Маша балаларға алғысын айтып, ертегілер еліне келді).

Жүргізуші: Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

Ақ қар еріп,

Су көбейіп,

Сай салаға толады.

Ағаш басы бүршік атып,

Гүл бәйшешек басады.

Бөбектерім,айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады.

Балалар: Көктемде!

(Залға вальс әуенімен қолында сыйлық салынған себеті бар көктем кірді).

Көктем: Сәлеметсіздер ме, Балалар,аналар!

Сағыныш пен жеткен,

Келді міне көктем,

Жайнап нұрлы гүлі,

Мерекеңіз бүгін,

Құтты болсын аналар!

Жүргізуші: Көктем,біз сенің келгеніңе өте қуаныштымыз.Балалар күнінің шұғыласын,сылдырын сағынды.Қазір біздің Айтөреміз сізге арнап ән салып береді.

Ән: «Менің Қазақстаным».

Жүргізуші: Көктем, сен балаларға не әкелдің?

Көктем: Мен сендерге көктемнің шұғыласын әкелдім(эртүрлі ленталарды шығарады).Қане балалар лентаны алып «Көктем» биін билейік.

«Көктем» биі.

Көктем балаларға алғыс айтады.

Жүргізуші:

Қандай ғажап күн бүгін,

Күміс- күлкі,жан –жағың.

Күлімдеген бар бала,

Жігіттер биін биледі.

«Теңізшілер» биі.

Ата-аналармен ойын. «Өз балаңды табыңыз».

Жүргізуші:

Құтты болсын осы шаттық күніңіз,

Бақытты да ұзақ өмір сүріңіз,

Қуанышты жүзіңізбен әр дайым,

Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.

Көңілді әуенмен балалар дайындаған гүлдерін аналарға ұсынады.

Жүргізуші: Құрметті аналар осымен өздеріңізге арналған ертеңгілігіміз аяқталды.Әрдайым көктем гүліндей жайнап жүре беріңіздер.

№17 «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы



«Ұйқың тыныш болсын, балақай!»

Тәрбиешілер: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

Ұйқы — адам санасының ерекше күйі. Ұйқы кезінде дене демалып жатыр: сана өшеді, орталық жүйке жүйесінің қозғыштығы төмендейді, бұлшық " босаңсады, жүрек қызметі мен тыныс алу баяулайды, қан қысымы төмендейді. Демалыс жүйке жүйесінің және барлық басқа жүйелер мен мүшелердің қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді, сондықтан ұйқы баланың өмірі мен дамуы үшін өте маңызды.

Баратын балалармен **балабақша**, бұл мәселе соншалықты өткір емес. Олар азды-көпті бұған шыдайды "*тыныш сағат*" барлығына арналған міндетті: сіз қатал мұғаліммен дауласа алмайсыз. Анасы немесе одан да көп әжесі — бұл басқа мәселе, оларда жастық пен көрпеден тәуелсіздік алу үшін түстен кейінгі соғысты жеңу оңайырақ. Сонымен, бұл шығады "*ұйымдастырылған*" мектеп жасына дейінгі балалар демалыс күндері көп жағдайда режимнен демалады, ал "*үй*" олар үнемі бас тартады **күндізгі ұйқы**. **Бұл ата-аналарға одан да ыңғайлы**: нервтер мен күштерді шексіз сәндеуге, телефонның дыбысын өшіруге, сыбырласып сөйлесуге, аяқтың ұшымен жүруге жұмсаудың қажеті жоқ. Бірақ ересектерге ыңғайлы нәрсе әрдайым нәрестеге пайда әкелмейді. Педиатрлардың пікірін тыңдаңыз және **балалар 4-6 жасқа дейінгі** невропатологтарға балаға күндіз кем дегенде 1,5-2 сағат демалу қажет.

Ол үшін күндізгі ұйқы қажет, кімге:

1. Дені сау болу.
2. Жаңа білімді игерген дұрыс.
3. Түнде тыныш ұйықтаңыз.
4. Қоршаған ортаның қолайсыз жағдайларының баланың ағзасына әсерін тегістеу

Тек 7 жасқа дейін **балалар** дене тек түнгі ұйқы үшін қалпына келтіріледі. Осы уақыттан бастап түстен кейінгі демалысты ұмытуға болады.

Егер ол шын жүректен айтқандай, кішкене ұйықтағысы келмесе, баланы кешкі астан кейін төсекке қалай жатқызуға болады? Негізгі шарт — оны әрдайым бір уақытта, таныс ортада орналастыру және ұйқыға дайындықтың қалыптасқан стереотипінен ауытқымау. Егер нәресте 15-20 минут жатып, ұйықтамаса, онда ол шынымен ұйықтағысы келмейді деген ойдан бас тартыңыз. Олай болса, оны төсекте мағынасыз жатуға мәжбүрлемей керек! Біріншіден, бұл соншалықты мағынасыз емес - кез келген жағдайда ол демалады. Екіншіден, 1,5-3 жасында бала ұйықтауға бір сағат, 4-6 жасында - 30 минут уақыт алады.

Балаңызға жасамауыңыз керек "*идеалдылар*" ұйқының шарттары. Аяқтың ұшымен жүрудің, телефонның дыбысын өшірудің немесе үлкен балалардың жақын жерде ойнауына тыйым салудың қажеті жоқ — бұл шаралар отбасының өмірін едәуір қиындатады. Физиологтардың зерттеулері көрсеткендей, 3-4 жастағы балалар үйде ұйықтамайды **күндізгі демалыс**, жалғастыратын балаларға қарағанда гиперактивтіліктің, мазасыздықтың және депрессияның айтарлықтай жоғары деңгейін көрсетеді **күн сайын** түскі уақытта ұйықтаңыз.

Дәрігерлердің, тәрбиешілердің сауалнамалары және **ата-аналар көрсетті** күндіз ұйықтайтын балалардың белсенділігі артады. Зияткерлік деңгейі бойынша олар көбінесе құрдастарынан озып кетеді, жаңа ақпаратты есте сақтау және меңгеру оңайырақ. Әдетте, олар құрдастарына қарағанда ұзын және үлкен. Бір қызығы, олар тыныш сағаттан бас тартқандарға қарағанда түнде қатты ұйықтайды.

Ұйқының функциялары:

- ұйқы - бұл балалардың дамуы үшін өмірлік маңызы бар өсу гормонын шығаратын уақыт;
- ұйқы - бұл жүйке жүйесінің өсіп, қалпына келетін уақыты;
- ұйқы — мидың денсаулығы үшін қажет.

Күндізгі бала үшін ұйқы – бұл тек оқу үдерісіне деген құрмет немесе қыңырлық емес ата-аналар, және үйлесімді дамудың қажетті факторы балалардың психикасы.

Балаңыздың жеткілікті ұйықтауын қамтамасыз ету үшін жақсы ұйықтау тәртібін орнату үшін бірқатар әрекеттерді орындауға болады. Ұйқы уақытының тәртібін орнатқан кезде мыналарды есте сақтаңыз:

- Күн сайын бірдей төсек және ояту уақытын ұстаныңыз. Ұйқы уақытын да қысқартпаңыз – бұл күннің тым кеш болмауына немесе тым қысқа болуына көз жеткізіңіз – бұлардың кез келгені жақсы түнгі ұйқының болмауына әкеледі.
- Ұйықтау уақытының тұрақты режимін сақтаңыз. Жарықтың әсерін азайту үшін ұйықтар алдында 30-60 минут бұрын үстіңгі шамдарды өшіріп, күңгірт үстел шамдарын пайдаланыңыз. Ұйықтар алдында 30 минут ішінде балаңыздың демалуына көмектесу үшін ваннаға түсу немесе ұйықтар алдында ертегілерді оқу сияқты тыныш және жағымды әрекеттерді жасаңыз. Қанша кітап оқитыныңызға немесе ән айтатыныңызға нақты шектеулер қою пайдалы. Балаңызға қандай пижаманы кигісі келетінін және төсекке қандай тұлыпты алып кететінін таңдауға мүмкіндік беріңіз, т.б. Бұл қауіпсіздік нысанын таңдау (фарш немесе көрпе) балаңызға ұйықтар алдында және түні бойы өзін еркін сезінуге көмектеседі.
- Жатын бөлменің тыныш, салқын, қараңғы және ұйықтауға ыңғайлы екеніне көз жеткізіңіз. Ең төменгі күңгірттеу параметріндегі түнгі жарық немесе аймақ шамы жақсы. Жұмсақ, тыныштандыратын музыка немесе дыбыс құрылғысын ойнау жақсы. Төсекті тек ұйықтау үшін сақтауды ұмытпаңыз – оны ойын алаңы ретінде пайдаланбау керек. Жатын бөлмеде теледидар қарауға болмайды. Экран уақытының кез келген басқа түрі (iPad, смартфондар, т.б.) жатын бөлме ортасының бөлігі болмауы керек. Бұлар баланы шамадан тыс ынталандырып, ұйықтап кетуін қиындатады.
- Ұйықтар алдында тамақ пен сусынды (әсіресе құрамында кофеин бар кез келген сусындар) шектеңіз. Есіңізде болсын, көптеген мөлдір сусындарда кофеин бар, сондықтан жапсырманы тексеріңіз. Ұйықтар алдында жеңіл тағамдар жақсы.
- Балаңызды ұйқылы, бірақ ояу күйде төсекке жатқызыңыз, содан кейін бөлмеден шығыңыз. Бұл сіздің балаңызға өздігінен ұйықтауды үйренуге көмектеседі және түн ортасында оянса, балаңыздың өз бетінше ұйықтап кетуіне көмектеседі.
- Мектеп жасына дейінгі балалар: Егер мектеп жасына дейінгі бала түнде мазасыз оянса немесе қорқынышты түс көрсе, оның жұбату үшін анасын немесе әкесін шақыруы немесе іздеуі дұрыс. Дегенмен, тынышталғаннан кейін, анам немесе әкем баланы өз төсегіне қайтаруы керек. Баланы жайлы заттармен қоршаңыз, мысалы, сүйікті тұлып немесе жұмсақ көрпе немесе бала төсектен шығып, сізді қайтадан іздеуді қажет етпей, өз бетінше қайтадан ұйықтап кетуіне мүмкіндік беретін басқа заттар.

Балалармен қауіпсіздік мәселелері

Кішкентай бүлдіршіндер қоршаған орта туралы көбірек білетін және қызығушылық танытатын жаста. Сондықтан, ата-ана немесе қамқоршы ретінде сіз балаңыздың бесігіне, оның ішінде не жатқанына және оның айналасына мұқият болуыңыз керек. Мысалы:

- Төтенше үлкен толтырылған ойыншықтарды бесікке қалдырмаңыз немесе бамперге қалдырмаңыз – сіздің сәбиіңіз бұл заттарды бесікке көтерілу үшін баспалдақ ретінде пайдалана алады.
- Балаңыздың мойнына абайсызда оралып қалуы мүмкін жіптері немесе баулары бар заттарды іздеңіз және алып тастаңыз, мысалы, жалюзи немесе перделердегі сымдар.
- Балаңыздың бесігіне тым жақын болуы мүмкін және балаңыз тұрып қол жеткізе алатын кез келген заттарды қараңыз, мысалы, қабырға ілмектері, перделер, терезе перделері және көйлек таяқшалары.
- Егер сізде осындай белсенді бала болса, қауіпсіздік мақсатында оны бесіктен нәресте төсегіне ауыстырудың уақыты болуы мүмкін.
- Балаңыз үстіне көтерілуге тырысқанда, құлап кетпес үшін үлкен жиһазды қабырғаға бекітіңіз



«Наурызым, қош келдің!» ертеңгілік

Тәрбиешілер: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

22 Наурыз ертеңгілігі

Тақырыбы: «Қош келдің, Наурызым!»

(музыка әуеніне жүргізуші кіреді)

Жүргізуші: Армысыздар құрметті қонақтар. Ұлыс күндеріңіз құтты болсын! Келе жатыр жылымыз, Мейрамдаймыз мұны біз. Халқы сүйген мейрамды, Қарсы алайық Наурызды!

(музыка әуеніне Әже мен Наурыз қыз ортаға келеді, әже шашу шашады)

Наурыз қыз: Наурыз тойы – береке, Наурыз тойы – жыр аңыз. Қызып дулы мереке, Қызық думан құрамыз.

Жүргізуші: Балалар, бүгінгі мерекемізге бізге «Алтын сақа» ертегісі қонаққа келіп отыр. Ертегіні тамашалайық!

(Ата қолында қамшысы бар, қой жайып жүреді)

Ата: Шек, шеку, ей кебенек! Мына ешкілер әбден мазамды алды. «Қой бақтым, қоңырау тақтым, ешкі бақтым, еңіреп бақтым» деген осы екен ғой. Уһ, әбден шаршадым, дем алайыншы, кішкене отыра тұрайын.

(Ата малдас құрып отыра кетеді, сол кезде артынан Мыстан кемпір келіп шалды қылқындыра бастайды)

Мыстан: Уһ, бәлем, қолыма түстің бе?

Ата: Ойбай, ойбай жіберші, қылқынып барамын.

Мыстан: Сені жіберсем, сен маған не бересің?

Ата: Бір отар қой беремін.

Мыстан: Жоқ, маған қой керек емес, балаңды бересің.

Ата: Жоқ, бермеймін.

Мыстан: Бермесен мен сені жібермеймін.

Ата: Жарайды, жарайды. Менің Кенжебек деген жалғыз ұлым бар еді, соны ал.

Мыстан: Онда келісемін, оны қалай бересің?

Ата: Баламның жақсы көретін алтын сақасы бар еді, соны саған беріп кетейін, балам алтын сақасын іздеп келгенде өзің ұстап ал. Міне алтын сақа, ал.

(Ата сақаны береді де, өзі кетіп қалады. Мыстан сақаның жанында отырады. Бала сақасын іздеп шығады)

Бала: Апа, апа, анау сақамды алып беріңізші.

Мыстан: Ой, балам, мен отырсам тұра алмаймын, тұрсам отыра алмаймын. Өзің ал.

(Бала еңкейіп сақаны ала бергенде, мыстан оны ұстап алады. Осы кезде қыздар Кенжебекті іздеп шығалы)

Қыздар: Кенжебек, Кенжебек, қайдасың? Біз сені іздеп жүрміз.

(Осы кезде Мыстан атып шығып, қыздарды қорқытады. Қыздар қорқып бірінің артына бірі тығыла бастайды)

Мыстан: Сендерге Кенжебек керек болса, менің шартымды орындандар.

Қыздар: Жарайды апа, орындаймыз.

Мыстан: Онда маған Наурыз туралы тақпақ айтып беріңдер.

(Балалар тақпақтарын айтады)

Айару: Жыл басы – Наурыз мереке, Ақ нұрға әлем боянды. Наурыз тойы береке, Тіршілік жаңа оянды.

Арсен: Жылдың басы – Наурыз, Жердің басы – Наурыз. Мерекеге арналсын, Бүгінгі жыр әніміз.

Диас: Сені тойлап қарсы алып, Бар әлемге жар салып, Сәлем бердік біз сізге!

Адбурахмен : Қош келіпсің Наурыз! Құтты болсын қадамың!

Кәусар : Наурыз құтты болсын! Наурыз құт әкелсін!

Мыстан: Жарайсындар! Балалар, бірақ менің ішім пысып кетті. Көңілім көтерілмей тұр.

Жүргізуші: Ендеше балалар, Мыстан әжемізге өзіміздің дайындаған биімізді көрсетейік.

Қабыл алыңыздар!

(Қыздар «Қара жорға» биін билейді)

Мыстан: Ой рахмет, көңілім көтеріліп қалды ғой.

Қыздар: Апа, енді Кенжебекті жібересіз бе?

Мыстан: Ммм, жоқ жібермеймін.

Қыздар: Апа, мынау ұялы телефон, мұнымен барлық жермен сөйлесе аласыз, өлең тыңдайсыз, ойын ойнайсыз, суретке түсе аласыз.

Мыстан: Қане, әкел бері, көрейінші, қандай өзі.

(Мыстан телефонды алып бұрышқа қарай барғанда, қыздар Кенжебекті алып қашып кетеді)

Мыстан: Әй, әй, тоқтаңдар... – Алло, Таусоғар, Желаяқ ұстандар аналарды!

(Қыздар мыстаннан қашып Кенжебекті құтқарып алады)

Жүргізуші: Біздің ертегіміз осымен аяқталды. Балалар, сендерге ертегі ұнады ма? Балалар, бүгінгі мейрамға бізге бата беруге арнайы Қыдыр атамыз да келіпті. Келіңіз ата, төрлетіңіз!

Қыдыр ата: Наурыз құтты болсын! Дендеріміз сау, мықты болсын! Наурыз тойы келе берсін! Барлық халық бақытты болсын! мЕн сендерге батамды берейін сендер маған ән шырқап беріңдерші.

«Тұлпарым» ән

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, балалар! Осымен бүгінгі мерекеміз аяқталды. Сау болыңыздар!



«Ертегілер елінде»

Тәрбиешілері: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

«Ертегілер елінде» желісі бойынша «Ақылды балапан» ертегісі

Мақсаты: балалардың есту, есте сақтау дағдыларын жетілдіре отырып, эстетикалық әсермен қатар өнерге деген қызығушылығын дамытуда бірлікке, достыққа тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ертегі кейіпкерлерінің рөлін сомдауға, әңгіме құрап айтуға, сахнада өздерін ұстауға үйрету, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. Балаларды ертегі желісімен таныстырып, ұсақ қол моторикасын дамыту. Балалар ертегімен танысып, жұмыртқаны жырту арқылы, жұмыртқа астында жасырылынып жатқан балапан бейнесін тапты, әрі қарай балапан бейнелерін ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында ермексаздармен созу арқылы жұмыстар жасады.





«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз !» акциясы

Тәрбиешілері: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясы барысында өткізілген сенбілік іс шарасының

Хаттамасы № 3

Өткізілген күні: 18.04.2025ж

Қатысты: 15 ата-ана

Күн тәртібінде:

Сенбілікке қатысу.

Көгалдандыру.

Балабақша ауласын тазалау.

«Тазалық – табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Көктем айы келіп, айнала ақ қар мен мұз құрсауынан босап, жасылға малынар тұста адамзат баласы Табиғат-Анаға жанашырлық танытып, тазалық жұмыстарын бастап кетеді. Тазалықты жанына серік еткен ата-аналарымыз бүгін балабақша ауласында санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандырудың сенбілік шарасына белсене араласты. Мекемеміздің ауласын қоқыстардан тазалау, арықтарды жөнге келтіру, ағаштарды ақтау сияқты жұмыстар жүргізілді. Балалар серуенге шыққанда ауламыз айнадай таза болғаны қандай жақсы. Балаларда таза ауамен тыныс алып, еркін ойнауына мүмкіншілік мол. Сондықтан өз ауламызды, айналамызды таза ұстау - баршамыздың міндетіміз.

Балабақша көлемінде жүргізіліп жатқан қызу тазалық жұмыстарына барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлінген ойын алаңдарында тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Соның ішінде, балабақшаның кіре беріс аймағын, орталық көшелер мен әлеуметтік нысандардың айналасын толық қамтыған тазалық жанашырлары қоқыс қалдықтарын шығарып, ортақ мекеннің көркеюіне өз үлестерін қосты.

Атап өту қажет, бүгінгі сенбілік аясында тазалық жұмыстарына 15 ата –ана, балалар мен балабақша ұжымы, 1 қоқыс шығаратын жүк көлігі жұмылдырылды. Бұл шара балалардың және ата-аналардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және қаланың санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталды.





«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнама

Тәрбиешілері: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

Сіз қандай ата-анасыз? (ата-аналарға арналған сауалнама)

Ата-ана-----

№ Сұрақтар Иә Жоқ Кейде

- 1 Газет журналдар мен ақпарат құралдарындағы бала тәрбиесі жөніндегі мәселелерге көңіл аударасыз ба?
- 2 Сіздің балаңыз қателік жіберді. Осының барлығы тәрбиеніздің нәтижесі деп ойламайсыз ба?
- 3 Жұбайыңыз екеуіңіз бала тәрбиесіне бірдей қарайсыз ба?
- 4 Үй шаруасында балаңыз сізге көмектесті. Бірақ одан сіздің шаруаңыз тоқтап, тежелуі мүмкін. Оның көмегін қабыл аласыз ба?
- 5 Қажет болған жағдайда балаңызға бұйыру мен тиым салу әдістерін қолданасыз ба?
- 6 Балаңыздың мұғалімі мен құрбыларымен қарым-қатынас орнатқансыз ба?
- 7 Баланың қоршаған ортасы оған көбірек әсер ететінін сіз мойындайсыз ба? (мектеп, достары, көше балалары)
- 8 Балаңыздың үйлесімді дамуына спорт пен дене шынықтырудың маңызды екенін мойындайсыз ба?
- 9 Сіз балаңызға бір нәрсені бұйырмай, өтініп орындата аласыз ба?
- 10 «Менің уақытым жоқ», «жұмысымды бітірген соң» деп балаңыздың тауын қайтарасыз ба?

«Сіз қандай ата-анасыз?» сауалнамасының қорытындысы

Иә-2 ұпай
Кейде-1 ұпай
Жоқ-0 ұпай

Қорытынды:

6 ұпайдан аз болса. Сіздің бала тәрбиесі жөніндегі көзқарасыңыз әлі анық емес сияқты. Дегенмен әлі де кеш емес. Кейінге қалдырмай сізге бұл мәселеге көбірек көңіл бөліп, бала тәрбиесінде батылырақ болуыңызды сұраймыз.

7-14 ұпай аралығында болса. Сіз бала тәрбиелеу барысында үлкен қателіктер жібермейсіз, дегенмен ойланатын мәселелер бар. Бұның бәрін бала тәрбиесінен басқа мәселелерді ұмытып, бір күнгі демалысыңызды тек балаларыңызға арнаудан бастаңыз. Баламен қарым-қатынаста өзіңізге сенімді болыңыз, балаңыз бұны әркез бағалайды.

15 ұпайдан артық болса

Сіз бала тәрбиелеу міндеттеріңізді толықтай меңгергенсіз. Сонымен қатар бұдан да жақсырақ тәрбиелеуге мүмкіндігіңіз бар екенін ойлаңыз.



«Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес»

Тәрбиешілері: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

Ата-аналарға арналған бала тәрбиесіне қажетті кеңес

1. Баланың міндетті түрде өздігінен орындайтын жұмыстары болуы қажет. Сіз тек осы жұмыстардың орындалуын қадағалауыңыз керек.
 2. Мейлі қаншалықты тиянақты әрі жылдам орындасаңызда, балаға жүктелген жұмыстарды өзіңіз орындауға тырыспаңыз.
 3. Балаңызды тыңдауды үйреніңіз. Шыдамды болыңыз, балаңыздың сөзін бөліп, оның ойын өзіңіз аяқтауға тырыспаңыз және баланы асықтырмаңыз.
 4. Балаңызға өз көзқарасыңызды тықпаламаңыз. Өзіңіздің нұсқаңыздың дұрыс екенін дәлелдермен түсіндіріңіз.
 5. Баланың кез-келген қалауын орындауға асықпаңыз.
 6. Балаға өзінің іс әрекетін түсіндіруді үйретіңіз. Яғни бала ең алдымен ойланып содан соң ғана шешім қабылдауды үйрену керек. Ең жақсысы өзі сенімсіздік танытқан мәселелерде ата-анасымен кеңесуге болатынын білуі қажет.
 7. Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз.
 8. Баланың жан-жақты дамуына қолайлы қауіпсіз жағдай жасаңыз.
 9. Баланы тым еркелетпеңіз. Онымен өзіңізбен тең дәрежедегі адам ретінде сөйлесіңіз. Есіңізде болсын сіздің сөйлеген сөзіңізді, іс әрекетіңізді балаңыз қайталайды.
 10. Балаға өз бетінше жеке басының тазалығын қадағалауды және де әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін түсіндіріңіз.
 11. Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап көтермелеңіз.
 12. Бала кішкентайынан бастап ата-анасын, үлкендерді, жақындарын сыйлау керектігін білу тиіс.
 13. Ешқашанда баланың икемсіздігін күлкіге айналдырып және де қорқыныштарына күлмеңіз. Қайта керсінше баланың қорқыныштарын бірге шешіп сенімді қарым-қатынас орнатыңыз.
 14. Қаншалықты уақытыңыз аз болсада балаңыздың жан-жақты дамуына көңіл бөліңіз. Есіңізде болсын балаңыз сіздің ең басты байлығыңыз.
1. Балаға ата — анасы көшбасшы. Ата — ана мен баланың арасында екі түрлі көзқарас болмауы тиіс. Бұл әлі өмірге деген өз көзқарасы қалыптаспаған, жасы көмелетке толмаған балаларға қатысты. Ата — анасы көш бастайтын көсем болуы қажет бала үшін. Демек, ата — ана әрбір іс — әрекетіне мән беруі қажет. Білікті, білімді, қайсыбір жағдай болмасын, сабырмен қабылдап, нені болмасын, сабырмен қабылдай алатын көшбасшының (ата — ананың) соңынан ереді бала да. Өйтпеген жағдайда бала тарапынан қарама — қайшылықты анық көретін боласыз. 4 — 5 жасында — ақ өз қалауын ата — анасына сөзсіз орындататын бала ерке. 2 жасқа келгенде баланың қалауы (орынды болса ғана) ата — ана үшін заңды. Одан кейінгісі — еркелік. Демек, уақыт өткізбей ертерек қателіктердің орнын толтырып, бала бойындағы еркелікті түзеуге ұмтылған дұрыс. 4 — 5 жасқа келгенде бала ата — анасының неге рұқсат етіп, қай қалауының теріс екендігін түсіне білуі тиіс. Егер осы жасқа дейін ата — ана мен баланың арасындағы қарым — қатынас өз деңгейінде қалыптасса, демек, әрі қарай да олардың арасында қандай да бір үлкен түсініспеушіліктер болмайды.
2. «Болатын» және «болмайтынның» шекарасы. Балаға берілетін дұрыс тәрбие «болатын» және «болмайтын» іс — әрекеттерді айқындайтын нақты шекарадан тұрады. Бұдан бала, ненің дұрыс, ал ненің бұрыс екендігін, қандай іс — әрекеттердің оң, қай қылығының теріс екендігін анық ұғып өседі. Егер кеше балаға тырнақты тістемеуді немесе қолын аузына салмауды ескерттіңіз бе, ол әрекетін бүгін де байқасаңыз, тағы да ескертуге ерінбеңіз. «Ой, қанша айттым, тыңдамайды бәрібір» деп бір — екі күннен соң

қол сілтей салсаңыз, бітті. Сіздің бала бойындағы көптеген қателіктерге түйсікті түрде баруға болатындығына жол бергеніңіз. Сонымен қатар, баланың алдында емес, соңынан жүруді ерте бастан — ақ қалыптастырғаныңыз. Ата — ананың бала үшін қойған шекарасынан ол әдеттегі айтыла беретіндей « жалтақ» болып кетпейді. Шекара — бала өмірін жеңілдетеді, болашақта қандай — да бір үлкен қателіктерге жол бермеуге үйренеді. Керісінше жағдайда, яғни шекара болмаған отбасында бала адасады, оның өмірі қиындайды. 3. «Болмайды!» деп айғайлауға болмайды. Бала да ата — анасы сияқты отбасының бір мүшесі. Оның өз орны және құқығы бар. Дегенмен, отбасы мүшелерімен қарым — қатынасында да шекара болуға тиіс. Егер баланың қандай да бір іс — қимылы сізге жағымсыз болса, ыңғайсыздық тудырып жатса, оған шектеу қойғаныңыз дұрыс. Бірақ, әрине бірден түріңізді өзгертіп «болмайды!» деп айғай салу дұрыс емес. Одан да баланың назарын басқа бір қызықты іске айналдырып жіберуге болады. Мұнда сізге сабыр қажет. Сонымен қатар, бала тілімен, оған түсінікті түрде бұлай жасау өзіңізге ыңғайсыздық тудыратынын түсіндіріп айтсаңыз, жетіп жатыр. 4. Іс — әрекетіне лайықты мақтау сөздер айтыңыз. Мұны өзіңізге ереже ретінде ұстансаңыз да болады. Жоғарыда айтқанымыздай, «болатын» және «болмайтын» іс — әрекеттер үшін өз ойыңызды айтып отырсаңыз, бала бірден болмаса да, біртіндеп оны түсіне бастайды. Мысалы, үйге келген қонақпен сәлемдесіп, ол қайтар кезде қоштасуды ешкім үйретпей — ақ өз бетінше орындаған баланың ісі — мақтауға тұрарлық. Алғашқы байқаған сәтіңізде — ақ оның дұрыс жасағандығын, жақсы баланың үнемі осылай жасайтындығын т. б. мейірімді жүзбен күлімсірей айта отырып мақтасаңыз, оның бойында жақсы әдетке деген қызығушылығын оятасыз. Себебі, кез — келген бала мақтауды сүйеді. Ол үшін жақсы әдеттер санын арттырғысы келеді, талпынады. Өзінің айтқанын орындату үшін жерге өзін тастай салып, жата қалып жылайтын баланы жазалаудың ең дұрыс әдісі — оны жалғыз қалдыру. Үнсіз ғана оның бұл әрекетін елемеген болсаңыз, осы жазаның да жеткілікті болады. Мұның да себебі бар, өйткені бала өзіне назар аударғанды жақсы көреді. Жата қалып жылай бастағанына назар аудармасаңыз, оның орынсыз екенін сезіне бастайды. Ал оған ұрысып не болмаса өзге де жазалау түрін қолданып жатсаңыз, демек оған назар аударғаныңыз. Балаңыз ол әдетін тағы да қайталайды деген сөз. 5. Түсініспеушілікті баламен бірге шешуден қорықпаңыз. Баланың кейбір қылықтарына ашуланбау мүмкін емес. Ол жиі болмаса да кей — кейде орын алып тұрады. Міне, осындай кездері оған ашулануыңыздың себебін сабырлы кезіңізде түсіндіруден қашпаңыз. «Кішкентай ғой, не түсінер дейсің?» деген түсініктен де аулақ болыңыз. Оның қай жерде дұрыс жасамағандығын айтыңыз және неге бұлай еткендігінің себебін сұраңыз. Сонда араларыңызда бір — біріңізді еркін түсінетін көпір қалыптасады. Оны жазалаудың сіз үшін ауыр екендігін және жазалағыңыз келмейтінін де айтқаныңыз артық болмайды. Есте сақтағаныңыз дұрыс: — Баланы жазалау кезінде ата — ананың жүйкесі тыныштанғаннан басқа ешқандай пайда жоқ. Таяқ жеген бала келесі кезекте де қалай әрекет жасайтынын білмей, бір жасаған қателігін екінші рет қайталайды. Оған түсіндіріңіз және түсіндіріңіз! — Қол жұмсамай — ақ жазалаудың түрі жеткілікті. Мысалы: бала қанша жаста болса, сонша минут бұрышта тұру, орындықта қимылдамай отыру, сол күнгі балмұздақ немесе тәттіден қағу. Дұрыс көтеріп, жүйке жұқартудың оң нәтижесі мүлде болмайды. — Өзіңізге өзіңіз сырттай назар салыңыз. Сабырлы болыңыз! Бала бірдеңені дұрыс істемеді ме, алдымен түсіндіріңіз. Ол нәтижесін бермесе, ескерту жасаңыз.



«Өнегелі өткен жыл» қорытынды жиналыс

Тәрбиешілері: Серғазықызы А.
Оразғалиева Н.А.

2024-2025 оқу жылы

Ата-аналар жиналысының сценарийі

Жиналыстың мақсаты:

- оқу іс-әрекетін қорытындылау;
- болашақтың болашағын анықтау.

Ата-аналар жиналысының міндеттері:

- ата-аналарды балаларының жетістіктерімен және жетістіктерімен таныстыру;
- тәрбиешінің, балалар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеттерін қорытындылау.

Өткізу нысаны: ата-аналар кеші

Осы ата-аналар жиналысына қажетті құрал-жабдықтар:

- презентация,
- жадынамалар,
- сауалнамалар,
- музыкалық сүйемелдеу,
- алғыс.

кіші топтағы ата-аналар жиналысын өткізу жоспары:

1. Тәрбиешінің кіріспе сөзі.
2. Презентацияны көрсету.
3. Ата-аналарға жадынамалар тарату.
4. Сауалнама.
5. Топ тәрбиешісінің қорытынды сөзі.

1. Тәрбиешінің кіріспе сөзі

Қайырлы кеш, құрметті ата-аналар! Сіздерді қорытынды жиналыста қарсы алуға қуаныштымыз

біздің топтың. Биылғы жылы біз қалай өмір сүрдік, біздің топта қандай қызықты нәрселер болды, нені білдік және әлі де жұмыс істеу керек - бұл біздің бүгінгі әңгімеміз.

Біздің "Қарлығаш" тобында 2 жастан 3 жасқа дейінгі балалар тәрбиеленетінін еске салғым келеді. Топта 27 бала бар. Олар соншалықты кішкентай, қорғансыз келді: олар бәрінен қорқып, жылады, және, әрине, анамды шақырды. Енді олардың қандай болғанын қараңызшы, олар жылауық, қыңыр десеңізші. Әрине, жоқ. Бізде олар өте үлкен. Жыл бойына барлық бүлдіршіндер жас ерекшеліктеріне сай дамып, бағдарламалық материалды меңгеріп, дамудың барлық бағыттарында оң динамиканы көрсетті.

"Ал бізде" жаттығуы

Құрметті ата-аналар, мен сіздердің де қазір мақтануларыңызды және сіздің ойыңызша балаңызбен не болғанын, ол не үйренгенін, сізді таң қалдырғанын және қуантқанын, мүмкін қорқытқанын айтқаныңызды қалаймын. . Сіз (ата-аналар) кезекпен жалаушаны тапсырып, балаңыздың биылғы жылы алған қандай да бір сапасымен, шеберлігімен, қабілетімен мақтанасыз.

2. Бейнеролик көрсету (презентациялар біздің бір жылдағы өміріміз)

Қайғылы жайттарды да айтқым келді. Бір жыл ішінде ЖРВИ, ЖРВИ жиі өршіп тұрды. Олар сабаққа аз қатысты, сонымен қатар біз карантинге жабылды. Біздің балалар дені сау, епті және мықты болып өсуі үшін біз олармен ашық ауада ойындар ойнадық, дене шынықтыру минуттарын өткіздік, тыныс алу және саусақ

жаттығуларына көңіл бөлдік. Біздің балалар ойын ойнағанды өте жақсы көреді, онда біреу оларды қуып жетеді, дөңгелек билер жүргізеді.

Біз туған күндерді атап өттік, туған күн иесіне міндетті түрде "сыйлық" алып жүрдік.

Бір жыл ішінде балаларда ең қарапайым Г.ғ.к. қалыптасты. Жуу кезінде (ересек адамның көмегімен) олар қолдарын өз бетінше жууды үйренді: сабынмен көбіктендіруді, шаюды, сығуды, жеке сүлгімен сүртуді, сондай-ақ орамалды қолдануды. Барлық балалар орамалын біледі.

Тамақтану кезінде балалар қасық ұстайды, біз оларды ұқыпты тамақтануға үйретеміз, бірақ бұл әрдайым бола бермейді, демек, біз майлықты қолданамыз және тамақтанғаннан кейін алғыс айтамыз.

Біз оларды ойыншықтарды жинауға дағдыландырамыз. Ересек адамның кішкене көмегі арқылы олар шешінуді, колготкаларын, аяқ киімдерін шешуді және киімдерін орындыққа бүктеуді біледі. Киіну бізге сәл қиынырақ, бірақ біз әлі үйреніп жатырмыз.

Оқу іс-әрекетінде пәндерді топтастыруды үйренді

түсі бойынша: қызыл, сары, жасыл және көк;

көлемі бойынша: үлкен, орта, кіші;

нысан бойынша: шаршы, шеңбер, үшбұрыш.

Бір және көптеген пәндерді атаңыз.

Сондай-ақ, балалар кейбір үй жануарлары мен жабайы жануарларды және олардың төлдерін біледі және атайды. Кейбір көкөністер мен жемістерді ажыратады. Оларда табиғи маусымдық құбылыстар туралы қарапайым түсініктер бар.

Мазмұны қолжетімді тақпақтарды, ертегілерді, әңгімелерді тыңдауды үйренді. Кітаптардағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырады. Олар қысқа өлеңдер, тақпақтар біледі.

Балалар қарындаштармен, бояулармен сурет салуға болатындығын біледі, сонымен қатар пластилинмен танысады, шұжықтарды жайып, пластилиннің үлкен кесегінен ұсақ кесектерді сындырып, алақандарымен тегістейді. Олар қарапайым фигураларды мүсіндеді. Музыка жетекшісі жүргізетін музыка сабағында балалар бірлескен іс-шараларға белсене қатысады, би қимылдарын жаңғыртады: қол соғу, таптау; жануарлардың бейнелерін жеткізу: аю, қоян, түлкі т.б.

Музыкалық аспаптармен танысты. Балалар таныс балалар әндеріне эмоционалды түрде жауап береді.

Балалар құрылыс материалдарымен қуана-қуана ойнайды, қарапайым ғимараттарды үлгі бойынша салады: үйлер, мұнаралар, жолдар, қоршаулар және т.б. және оларды қуана-қуана ұрады.

Сондай-ақ, балалар ойын дамытатын дидактикалық ойындарды қуана ойнайды.

Балалардың эксперименті, балалардың сүйікті ісі. Біз сумен, құммен, дәнді дақылдармен, тосын сыйлардан ойыншықтармен тәжірибе жасадық.

« Кім шапшаң» ата-аналармен көңілді ойын

Релаксация « Болашаққа хат»

Құрметті ата-аналар, қолымызға қалам алып, алдымызда жатқан ақ парақты алып, әсем әуеннің ырғағымен отбасымызды, баламыздың өскенін армандап, баламызға болашаққа хат жазамыз. Осы хаттарыңызды балалар балабақша түлегі атанған кезде өздеріңізге табыстаймыз

3. Ата-аналарға жадынамалар тарату

Оқу жылының басында басталған "Педагогикалық шошқа банкін" толықтыру үшін мен сіздерге тақырып бойынша жадынамалар таратқым келеді «2 жастан 3 жасқа дейінгі балалардың ақыл-ой дамуының жас ерекшеліктері" және "Балаларды тәрбиелеудің 10

ережесі", олар қазірдің өзінде балабақшаның 2 кіші тобына барады.

4. Ата-аналарға сауалнама жүргізу.

Балабақшада болған бірінші жылыңыздан алған әсерлеріңіз сіз бен сіздің балаларыңыз үшін тек жағымды болды деп сенеміз. Біздің жұмысымыз туралы сіздің пікіріңізді және одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстарыңызды білгіміз келеді. Сондықтан мен сізге сауалнамаларды толтыруды ұсынамын.

(Ата-аналарға сауалнаманы толтыруға 5-6 минут уақыт беріңіз).

Келесі жылға арналған ТАЛҚЫЛАУ

- біз көшедегі (ойын алаңындағы) пәндік-дамытушылық ортаны жақсартқымыз келеді, Біз құмсалғышқа назар аударамыз!

5.Қорытынды бөлім.

Біз, тәрбиешілер, баршаңызға көмектеріңіз бен қолдауларыңыз үшін алғыс айтамыз және топ өміріне белсене араласқан ата-аналарды атап өткіміз келеді және оларға алғыс білдіреміз. Осылай жүре бер! Болашақта сіз де балаларыңыздың өміріне және балабақша өміріне белсенді қатысасыз деп сенеміз.

(Марапаттау рәсімі).

Бүгін сіздер осы жылы балалардың қандай жетістіктерге жеткендерін біліп, көрдіңіздер. Бала әлі де көп нәрсені үйренуі керек және әлі де көптеген жаңа ашылуларға ие болады.

Тек сіздің көмегіңізсіз бала мұны жеңе алмайтынын ұмытпаңыз.

Және сіздің балаңыз ең жақсы екенін әрқашан есте сақтаңыз.

Ата-аналарға арналған жадынама

БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЕКІ ЖЫЛДАН ҮШ ЖЫЛҒА ДЕЙІН

1.Өмірдің үшінші жылында балалар тәуелсіздікке ие болады.

2. Сөйлеуді түсіну дамуын жалғастыруда. Балалар айналадағы заттардың атауларын меңгеруді жалғастырады, ересектердің қарапайым ауызша өтініштерін орындауды үйренеді.

3.Түсінетін сөздердің саны едәуір артып келеді. Нұсқауларды ғана емес, үлкендердің әңгімесін де түсіне бастайды.

4.Балалардың белсенді сөйлеуі қарқынды дамып келеді. 3 жасқа дейін олар қарапайым сөйлемдер құруға тырысады, сөйлеудің барлық дерлік бөліктері ересектермен сөйлесу кезінде қолданылады. Белсенді сөздік қоры шамамен 1000-1500 сөзге жетеді. 3 жылдың аяғында. сөйлеу баланың құрдастарымен қарым-қатынас жасау құралына айналады.

5.Іс-әрекеттің жаңа түрлері қалыптасуда: ойын, сурет салу, құрастыру. Ойындағы ең бастысы – 3 жылдың ортасында шындыққа жақын ойын объектілерімен іс-әрекеттер. алмастыратын заттармен әрекеттер пайда болады.

6.Бала қазірдің өзінде қандай да бір затты бейнелеу ниетін тұжырымдай алады. Типтік - бұл адамның "цефалопод" түріндегі бейнесі - одан шығатын шеңберлер мен сызықтар.

7.Көрнекі және есту бағдарлары жетілдірілуде, бұл балаларға бірқатар тапсырмаларды қатесіз орындауға мүмкіндік береді: түсі, пішіні, өлшемі бойынша 2-3 пәнді таңдау; әуендерді ажырата білу, ән айту.

8.Фонематикалық есту қабілеті жетілдірілуде. Балалар ана тілінің барлық дыбыстарын қабылдайды, бірақ оларды үлкен бұрмаланулармен айтады.

9.Ойлаудың негізгі формасы – көрнекі – әсерлі. Бала іс жүзінде заттармен әрекет етеді.

10.Балаларға мотивтерді білмеу, импульсивтілік, сезімдер мен тілектердің жағдайға тәуелділігі тән. Балалар құрдастарының эмоционалдық жағдайын оңай жұқтырады. Дегенмен, мінез-құлықтың озбырлығы да қалыптаса бастайды. Балаларда мақтаныш пен ұят сезімі пайда болады. Бала өзін жеке тұлға ретінде таниды, **I бейнесі қалыптасады.**

«Өнегелі өткен жыл» қорытынды жиналысының

Хаттамасы

Өткізілген күні: 23.05.2025

Қатысты: 20 ата-ана

Күн тәртібінде:

- оқу іс-әрекетін қорытындылау;
- болашақтың болашағын анықтау.
- ата-аналарды балаларының жетістіктерімен таныстыру;
- тәрбиешінің, балалар мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеттерін қорытындылау.

№17 «Шұғыла» бөбекжайында 23.05 .2025ж. аралығында, «Қарлығаш тобында оқу жылының қорытынды ата-аналар жиналысы өтті. Мақсаты: 2024—2025 оқу жылы барысында жүргізілген тәрбие-білім беру жұмыстарының қорытындысын жасау, балалардың жыл бойындағы даму жетістіктерін ата-аналармен талқылау, әрі ата-аналармен өзара тиімді байланыс орнату. Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру

Жиналыс барысында бір жыл бойы атқарылған жұмыстар мен ұйымдастырылған іс-шаралар туралы мәлімет берілді. Тәрбиешілер балалардың жыл бойы нені меңгергені, қандай білім, дағдыларды игергені жайында ата-аналарға жан-жақты баяндап берді. Әр баланың жетістігі мен дамуы жеке қарастырылып, топтың жалпы даму деңгейі айтылды. Ата-аналар жылы пікірлерін білдіріп, өз ризашылықтарын жеткізді. ата-аналармен сауалнама жүргізіліп, көңілді ойындар ойналып, балабақша мен отбасындағы күнделікті күн тіртібін бір қалыпта жұмыс жасау керек екендігі сөз етілді.

Жиналысқа қатысып, белсенділік танытқан барша ата-аналарға үлкен алғысымызды білдіреміз!
Сіздердің қолдауларыңыз бен серіктестіктеріңіздің арқасында балаларымыздың тәрбиесі мен дамуына бірлесе үлес қосудамыз.

Хатшы :

Серғазықызы А.

